

Түлүсбек Әсел
МПФ
ДОВ-14к

Дипломмен бірге қандай қасиеттерді мен алғым келеді

Менің тандаған мамандығым – тәрбиеші. Тәрбиеші жұмысы сырттай қарапайым көрінгенімен, мен үшін ұлы іс, ең қиын мамандық деп танып білемін. Өйткені біз қазіргі қоғамға сай білімді де білікті, мәдени ой өрісі өсіп жетілген, ұлттық салт-сананы бойына сіңірген жас ұрпақ тәрбиелеушілері болып саналамыз. Тәрбиеші - мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесін жүзеге асырушы басты тұлға. Тәрбиеші жоғары арнаулы білімді, кәсіби біліктілігі жоғары, педагогикалық шеберлігі шыңдалған, қоғамдық-саяси қызметтерге белсене арласа алатын, педагогикалық ұжымда беделді, балалардың отбасыларымен тығыз қарым-қатынас жасай алатын тұлға болуы тиіс деген ой түйемін. Бұл педагогикалық жұмыс балаларды еңбексүйгіштікке, ізгілікке, отансүйгіштік және патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, рухани-адамгершілік қасиеттерге, үлкендер еңбегін бағалауға бір-біріне деген көзқарастарының дұрыс, және айналасындағы адамдарға мейіріммен қарауға тәрбиелейді.

Осы таңдаған мамандығымды 4 жыл ішінде жақсы оқып тәмәмдап, қолыма тәрбиеші дипломын алсам деймін. Өзі қалап оқыған мамандықтың дипломын алу әрбір студенттің арманы деп санаймын. Сол дипломмен бірге өз бойыма кәсіби біліктілігі жоғары, педагогикалық шеберлігі шыңдалған мінсіз тәрбиеші, бала психологиясын жетік меңгерген жақсы маман, қайталанбас тұлға, балалардың екінші анасы және бетке ұстар тәрбиеші қасиеттерін бойыма сіңіргім келеді. Менің осы мамандық бойынша, жақсы маман атанып, өз Отаныма кішкентай болса да өз үлесімді қоссам деймін.